

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кету тәртіптерін қолдану және шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз көші-қонының алдын алу және жолын кесу жөніндегі ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 215, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 08-1/93, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 35-П Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2889. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 135 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 08-1-1-1/154 Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.07 № 135 және ҚР Сыртқы істер министрінің 2012.04.28 № 08-1-1-1/154 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбында және барлық мәтін бойынша "Шетелдік азаматтардың" деген сөздер "Шетелдіктердің" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуін, болуын және одан кетуін бақылау жүйесін әрі қарай жетілдіру мақсатында Бұйырамыз:

1. Қоса беріліп отырған Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз көші-қонының алдын алу және жолын кесу жөніндегі ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің директоры, Департаменттер мен дербес басқармалардың, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының және көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы Нұсқаулықты басшылыққа алсын және оның

талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келу, онда болу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету тәртіптерін қолдану тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 28 шілдедегі N 422 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2000 жылғы 8 тамыздағы N 100 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 1337 болып тіркелген).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне жүктелсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер Министрі

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер Министрі

Қазақстан Республикасы

Көші-қон және демография

жөніндегі агенттігінің

төрағасы

К Е Л І С І Л Д І

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитетінің төрағасы

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 215

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі

№ 08-1/93 және Қазақстан Республикасы
Көші-қон және демография жөніндегі
агенттігі төрағасының 2004 жылғы
14 сәуірдегі № 35-П бірлескен бұйрығымен
бекітілген "Шетелдіктердің
Қазақстан Республикасына келу және
онда болу, сондай-ақ олардың Қазақстан
Республикасынан кету ережесін қолдану
және Қазақстан Республикасының аумағында
шетелдіктердің заңсыз көші-қонының
алдын алу және жолын кесу жөніндегі
ішкі істер органдарының жедел-қызметтік
жұмысын ұйымдастыру Нұсқаулығын
бекіту туралы"

Ескерту. Тақырыбында, нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша және оның қосымшаларында: "Шетелдік азаматтардың", "шетелдік азаматтар", "шетелдік азаматтарды", "шетелдік азаматтарға", "шетелдік азамат", "шетелдік азаматтардың", "шетелдік азаматтың", "Шетел азаматтарының", "шетелдік азаматқа" деген сөздер тиісінше "Шетелдіктердің", "шетелдіктер", "шетелдіктерді", "шетелдіктерге", "шетелдік", "шетелдіктердің", "шетелдікті", "Шетелдіктердің", "шетелдікке" деген сөздермен ауыстырылды.

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің (әрі қарай - Қазақстан Республикасының агенттігі)", "Қазақстан Республикасының агенттігі" деген сөздер тиісінше "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің (бұдан әрі - ЕХӘҚМ Көші-қон комитеті)", "ЕХӘҚМ-нің Көші-қон комитеті" деген сөздермен.

Астана, Алматы қалалары Ішкі істер бас басқармаларының (бұдан әрі - ПББ-ПБ) деген сөздер "облыстардың, Астана, Алматы қалалары Ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ПД)" деген сөздермен.

ПББ-ПБ" деген аббревиатура "ПД" деген аббревиатурамен ауыстырылды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы № 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы № 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі № 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету ережесін қолдану және Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктердің заңсыз көші-қонының алдын алу және жолын кесу жөніндегі ішкі істер

органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру туралы Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Халықтың көші-қоны туралы", "Ұлттық қауіпсіздік туралы", "Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы", "Ішкі істер органдары туралы" Жарлықтарына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, "Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында жүріп-тұруларын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысымен бекітілген Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кету ережелеріне (бұдан әрі - Ережелер) сәйкес әзірленді. Қараныз K090000193, Z 1 1 0 0 0 0 4 7 7 , Z 1 2 0 0 0 5 2 7 .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер болып Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиістілігінің дәлелдері бар адамдар есептеледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиістілігінің дәлелдері жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар болып есептеледі.

4. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, нұсқаулық азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

5. Шетелдіктер қолданыстағы паспорттары немесе оны ауыстырушы құжаттары бойынша Қазақстан Республикасының соған уәкілетті мемлекеттік органы берген Қазақстан Республикасының визалары бар болғанда мемлекеттік шекарадағы халықаралық және екі жақты қатынастар үшін ашық өткізу пункттері арқылы келеді және Қазақстан Республикасынан кетеді.

Қазақстан Республикасының визаларын беру және ұзарту тәртібі Қазақстан Республикасының жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

6. Келу мен жүріп-тұрудың визасыз тәртібі туралы келісімдер жасасқан мемлекеттердің азаматтары қолданыстағы паспорттары немесе оларды ауыстырушы құжаттары бойынша халықаралық шарттарда белгіленген талаптарды сақтай отырып келеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

7. Қазақстан Республикасында оралманның, босқынның мәртебесін алу туралы өтінетін шетелдіктердің келуі мен жүріп-тұруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кетуі Қазақстан Республикасының жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

8. Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша, сондай-ақ іскерлік мақсаттармен, оқуға және турист ретінде келген шетелдіктер Қазақстан Республикасының аумағында жұмысқа орналаса алмайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа визада көрсетілген келу мақсатына байланысты емес өзге де қызметпен айналыса алмайды.

9. Қазақстан Республикасында уақытша жүріп-тұратын шетелдіктерде осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіпте тіркелген паспорттары болуы керек және оларды уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша көрсетулері тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі шетелдіктердің паспорттарына мемлекеттік шекарадан өткендері туралы белгі қояды.

10. Ұлттық паспорттың жоғалтқаны туралы шетелдік ішкі істер органдарына дереу хабарлауы тиіс.

11. Шетелдіктердің өз құқықтары мен бостандықтарын пайдалануы Қазақстан Республикасының мүдделеріне, оның азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірмеуі және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген міндеттерін орындаудан ажыратылмас болуы тиіс.

12. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Нұсқаулықта көзделген ережелерден өзгеше қарастырылған болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі

13. Шетелдіктерді Қазақстан Республикасына іскерлік мақсатта немесе турист ретінде шақыру үшін мемлекеттік емес ұйымдар азаматтардың тұратын және ұйымның орналасқан жеріндегі ішкі істер органдарына мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) белгіленген нысандағы шақыру-хат (1-қосымша) үш данада;
- 2) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек.

Жекелеген елдердің азаматтарын іскерлік мақсатта немесе турист ретінде шақыру үшін мемлекеттік емес ұйымдар тікелей Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне және оның әуежайлардағы консулдық пункттерінен басқа Қазақстан Республикасының аумағындағы өкілдіктеріне өтініш жасайды.

14. Шетелдіктерді жеке істер бойынша шақыру үшін жеке тұлғалар мен шақырушы ұйымдар орналасқан жеріндегі ішкі істер органдарына мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) белгіленген нысандағы арыз-сауалнама (2-қосымша) екі данада;
- 3) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек.

15. Шақырылатын адамдардың және шақырушы адамдар мен ұйымдардың Ереже талаптарын сақтау және қамтамасыз етуі қолда бар есептер бойынша тексеріледі.

16. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің шет елден туысқандары мен таныстарын шақыру туралы өтініштері ішкі істер органына қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынған сәттен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде қаралады.

Осындай мерзімде қабылдаушы ұйымдардың өтініштері де қаралады.

Шетелдіктердің құқықтық мәртебесі туралы заңнаманы шақырылған шетелдіктердің орындауын бұған дейін қамтамасыз етпеген жеке адамдар мен заңды тұлғалар тарапынан шетелдіктерді Қазақстан Республикасына шақыру туралы өтініштер қаралмайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Материалдар белгіленген тәртіпте ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарымен келісіледі.

Оларды ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарында қарау мерзімі демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда бес тәуліктен аспауы тиіс. Егер ұлттық қауіпсіздік органының теріс жауабы немесе оның қарау мерзімін ұзарту туралы өтініші белгіленген мерзімде келіп түспесе, ішкі істер органы ұлттық қауіпсіздік органының жауабын ескермей-ақ дербес шешім қабылдайды, ол туралы келісу үшін жолданған материалдардың шығыс нөмірі мен күні көрсетіле отырып, тиісті жазба жасалады.

18. Өтініштер оң шешілген кезде өтініш берушіге:

1) жеке істер бойынша шақыру кезінде - белгіленген үлгідегі шақырулар (3-қосымша) беріледі. Бұл ретте шетелдік Қазақстан Республикасына шақырылатын мерзім 90 тәуліктен аспауы тиіс. Шақырудың өзі берілген сәттен бастап бір жыл ішінде күшінде болып саналады;

2) басқа мақсаттармен шақыру кезінде - шақыру-хаттың екі данасында облыстардың, Астана, Алматы қалалары Ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ПД) Көші-қон полициясы басқармасы бастығының немесе оның орынбасарының қолымен және визалық мөрімен расталған "кіруге рұқсат етілді" деген белгі қою арқылы ресімделетін ішкі істер органының рұқсаты беріледі. Шақыру-хаттың бір данасын шақырушы адамдар визалық қолдау көрсету үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне (әрі қарай - Қазақстан Республикасының Сыртқы істері) жолдайды.

19. Шақырудың түпнұсқасы немесе нөмірі белгіленген визалық қолдау шақыру-хаттың бір данасы, Қазақстан Республикасының шет елдегі дипломатиялық өкілдіктеріне немесе консулдық мекемелеріне виза ресімдеуге көрсету үшін шақырылатын адамдарға жолданады.

20. Қазақстан Республикасына қызметтік істермен, жұмысқа, оқуға (тағылымдамаға) 6 айдан астам мерзімге келген шетелдіктердің Қазақстан Республикасына туыстары мен таныстарын шақыру туралы өтініштерін ішкі істер органдары қабылдаушы ұйымдардың жазбаша өтініштерінің негізінде қарайды. Жазбаша өтініштермен бірге қабылдаушы ұйымдар шет елден өз туысқандары мен таныстарын шақырушы шет елдік азаматтар толтырған арыз-сауалнамаларды да ұсынады. Бұл жағдайда шақыруларды шетелдіктерге осы ұйымдардың өкілдері арқылы көші-қон полициясының бөлімшелері береді.

21. Мемлекеттік ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер, сондай-ақ шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер Қазақстан Республикасына шетелдіктерді шақыру үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істеріне тікелей өтініш жасайды.

22. Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерінің және консулдық мекемелерінің, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлері шетелдіктерге ережелерді түсіндіруге міндетті.

23. Қазақстан Республикасының шет елдегі дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері тұрғылықты тұру үшін берген кіру визалары келген шетелдіктерді белгіленген үлгідегі қоныстану ықтиярхаттарымен құжаттандыру және ішкі істер органдарының есебіне қою үшін негіз болып табылады.

24. Қазақстан Республикасына келу шетелдікке мына жағдайларда:

1) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын сақтау мүддесінде;

2) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының тұтастығы мен бірлігін бұзуға шақыратын болса;

3) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни алауыздық туғызатын болса;

4) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

5) егер ол террористік іс-әрекеттері үшін сотталған болса немесе сот оны аса қауіпті қылмыскер деп таныған болса;

6) оралмандарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін есептегенде, егер ол Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасына келу және кету үшін қажетті қаражаттың бар-жоғын растайтын құжатты ұсынбаса;

7) егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезде оның шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуының құқықтық жағдайы туралы заңнаманы, кеден, валюта немесе Республиканың өзге де заңнамаларын бұзу фактілері анықталған болса;

8) егер ол кіру туралы өтініш қозғаған кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттар ұсынбаған болса;

9) егер оның іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталса, Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасынан бұрын күштеп шығарылған шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға күштеп шығару туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жыл мерзім ішінде Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салынады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

25. Материалдарды қарау оң шешілсе, шетелдіктерге келу визалары ресімделеді.

26. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша шығуы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

27. Тұрақты тұруға кеткен кезде қоныстану ықтиярхаты тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органының көші-қон полициясының бөлімшелеріне тапсырылады.

28. Ш е т е л д і к к е :

1) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болса - іс бойынша өндіріс аяқталғанша;

2) егер ол қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазаны өтегенше немесе жазадан босатылғанша;

3) егер ол оған сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтарса, міндеттерді орындағанша;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат етілмейді.

29. Шетелдіктің Қазақстан Республикасынан кетуі ол Қазақстан Республикасы азаматтарының, басқа да жеке және заңды тұлғалардың елеулі мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттерді орындағанша кейінге қалдырылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктердің паспорттарын тіркеу

30. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктердің паспорттарын тіркеуді өз құзыреттеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқыісмині, оның өкілдіктері, ішкі істер органдары жүзеге асырады. P092105

31. Тіркеуді ресімдеуді және оны ұзартуды құжаттар берілген күні жүзеге асырылады.

32. Діни, дінуағыздаушылық, қайырымдылық қызметпен айналысатын шетелдіктер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмеген болса, әрі қарай жергілікті атқару органдарында есепке алу тіркелумен ішкі істер органдарында жалпы негізде тіркеледі.

33. Шетелдіктердің паспорттары тұрғылықты немесе уақытша тұру орны бойынша бес күнтізбелік күн ішінде ішкі істер органдарында тіркелуге жатады. ПД басшылығының қарауына қарай тіркеу аудандық, қалалық немесе облыстық көші-қон полициясының бөлімшелерінде, көші-қон бақылауы пункттерінде жүзеге асырылуы мүмкін, ол туралы тиісті өкім шығарылады.

34. Уақытша тұру үшін келген шетелдіктерді тіркеу кезінде көші-қон полициясының бөлімшелері ішкі істер органдарының басшылығы арқылы полицияның учаскелік инспекторларын осы жерде тұруға рұқсат етілген мерзім туралы хабарлауға тиіс.

Егер олардың рұқсат етілген мерзім аяқталған соң тиісті ұзартусыз кетпегені анықталса, полицияның учаскелік инспекторы ол туралы әкімшілік материал толтырады және көші-қон полициясының бөлімшесіне хабарлайды. Әкімшілік әсер ету шараларын қабылдағаннан кейін полицияның учаскелік инспекторы заң бұзушы-шетелдікті елді мекеннен шығаруды ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

35. Қазақстан Республикасының визасы шетелдіктердің паспорттарын тіркеу үшін негіз болып табылады, ал Қазақстан Республикасы визасыз кіру және болу тәртібі туралы келісім жасасқан елдердің азаматтары үшін - қабылдаушы заңды, жеке тұлғалардың немесе шетелдік өзінің арызы негіз болып табылады.

Мемлекет аумағында заңсыз жүріп-тұрған шетелдікті анықтаған кезде ішкі істер органы қызметкерінің баянаты оны тіркеу үшін негіз болып табылады.

36. Тіркеуді ішкі істер органдарының лауазымды адамдары көші-қон карточкасының "тіркеу" деген бағанын толтыру арқылы, ресімдейді.

Тіркелген шетелдіктерді есепке алу белгіленген нысандағы журнал бойынша жүргізіледі (4-қосымша). Журнал бойынша реттік нөмірі тіркеу нөмірі болып табылады.

"Тіркеуді ресімдеген орган" деген бағанда "ІББ (ІБ, АІБ)" және көші-қон полициясы бөлімшесінің визалық (паспорттық) мөрінің нөмірі көрсетіледі (мысалы ІББ-926, АІБ 90-05).

Жазба түсінікті жазылады, егер түзетулер енгізілген жағдайда оларға түсініктеме беріледі.

Тіркеу оны ресімдеген қызметкердің қолымен және көші-қон полициясы бөлімшесінің мөрімен куәландырылады.

Тіркеу шетелдіктің бірінші өтініш білдірген жері бойынша ғана ресімделеді.

Визалық мөрмен және лауазымды адамның қолымен расталған туристік топты тіркеу туралы мөртаңба ұжымдық тізімдердің сыртқы бетіне қойылады.

37. Шетелдіктер қабылдаушы заңды және жеке тұлғаларға өз паспорттарын тапсырады, олар ішкі істер органында тіркегеннен кейін иелеріне қайтарады.

38. Тіркеу заңды, жеке немесе шетелдік өзінің арызында көрсеткен мерзімдерге, бірақ визалардың күшінде болу мерзімінен аспайтын, ал Қазақстан Республикасы визасыз кіру және болу тәртібі туралы жасасқан елдерден келген азаматтар үшін Ереженің 15-тармағымен анықталған мерзімдерге ресімделеді. Тіркеу мерзімі шетелдіктер паспорттарының қолданылу мерзімінен аса алмайды. Көпмәртелік визалары бар шетелдіктердің паспорттары Қазақстан Республикасында нақты болу мерзіміне тіркеледі.

39. Шетелдік студенттердің (оқушылардың) паспорттары Қазақстан Республикасында болу визаларын ресімдеусіз бір оқу жылына тіркеледі.

40. Алты айдан асатын мерзімге келген шетелдіктің паспорттын ресімдеу үшін белгіленген үлгідегі жазбаша өтініш (арыз) (5-қосымша) және фотосурет (33x43 миллиметр) тапсырылады. Бұл ретте оң жақтағы үстіңгі бұрышында "И" әрпі қойылған, статистикалық есепке алу талондары және келу парақтары, сондай-ақ есепке алу карточкалары (6-қосымша) толтырылады. Сонымен қатар электронды тасығыштарда деректер базасы құрылады.

41. Шетелдік Қазақстан Республикасындағы уақытша тұру орнын ауыстырған кезде қабылдаушы заңды немесе жеке тұлға ол туралы ішкі істер органына жазбаша хабарлауға міндетті.

42. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуына рұқсат етілген мерзімі және олардың паспорттарының тіркелу күшінде болу мерзімі визаның күшінде болу мерзімінің соңғы күні, ал визасыз тәртіппен келгендерге - тіркелуінің күшінде болуының соңғы күні тоқтатылады.

4. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту

43. Шетелдіктерге болу мерзімдерін ұзарту визалар беру және шетелдіктердің паспорттарын тіркеу мерзімдерін ұзарту арқылы жүзеге асырылады.

44. Жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің негізінде шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімдерін ұзарту туралы шешім шетелдіктерді тіркеу орны бойынша қабылданады.

Бұл ретте шетелдіктерге болу мерзімі:

1) Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келгендерге 90 күннен аспайтын мерзімге. Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келген азаматтардың жалпы болу мерзімі 6 айдан аспауы тиіс;

2) оқуға келгендерге - жыл сайын барлық оқу жылына;

3) емделуге келгендерге - медициналық мекеменің басшысы берген медициналық қорытындының негізінде емделу кезеңіне;

4) жұмысқа келгендерге - өкілетті органдар берген рұқсаттың күшінде болу мерзіміне;

5) іскерлік мақсатпен келгендерге - бір жылдан аспайтын мерзімге;

6) тұрғылықты тұруға қалдыру туралы өтініш білдірген адамдарға - өтінішті қарау үшін қажетті мерзімге ұзартылады.

Турист ретінде келген шетелдіктердің болу мерзімі ерекше жағдайларда (шетелдіктің немесе оның жақын туыстарының ауыр науқастығына, күтпеген жағдайларға байланысты) растайтын құжаттардың негізінде қажетті мерзімге ұзартылуы мүмкін.

45. Ішкі істер органдары шетелдіктер визаларының күшінде болу және паспорттарын тіркеу мерзімдерін:

1) Қазақстан Республикасына қабылдаушы ұйымдардың саласы бойынша келген, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетелдік өкілдіктер қызметкерлерінің шақыруы бойынша - осы ұйымдар мен өкілдіктердің жазбаша өтініштерінің негізінде;

2) Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келгендерге-қабылдаушы жеке тұлғалардың немесе шетелдіктер өздерінің негізделген өтініштерінің негізінде ресімделді.

Көрсетілген өтініштер мен арыздардан басқа, ішкі істер органдарына паспорт және виза бергені үшін мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжаттар тапсырылады.

5. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы

46. Шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктер келіп-қайтуы үшін ашық аумақтарында еркін жүріп-тұра алады.

47. Республикамыздың басқа аймақтарына 10 күннен асатын мерзімге бару туралы шетелдіктерді қабылдаушы заңды және жеке тұлғалар бұрынғы және жаңа болатын жердегі шығу пунктін, мерзімін және осы пунктте болатын мекен-жайларды көрсете отырып, ішкі істер органына хабарлайды.

48. Ескерту. 48-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

49. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасының уақытша жабық аумақтарына кіру Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (әрі қарай - Қазақстан Республикасы ҰҚК) рұқсат етеді:

1) қазақстандық қабылдаушы ұйымдардың саласы бойынша Қазақстан Республикасына келгендерге - осы ұйымдардың жазбаша өтініштері негізінде;

2) тұрақты шетел өкілдіктерінің саласы бойынша, жеке істері бойынша келгендерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындарға-олардың жеке арыздарының негізінде береді.

Негіздер болған кезде көпмәртелік сапарларға рұқсат ресімделуі мүмкін.

Қабылдаушы ұйымдардың саласы бойынша және жеке істері бойынша келгендерге шетелдіктердің келіп-қайтуы үшін уақытша жабық Қазақстан Республикасының аумақтарына баруға рұқсаттар жазбаша өтініштер келіп түскен

сәттен бастап 20 күн ішінде осы аудандарда болу мерзімдері көрсетіле отырып беріледі. Жедел жағдайларда (туысқандарының өлімі, ауыр науқасы - құжат арқылы расталғанда) рұқсаттар кейіннен ұлттық қауіпсіздік органдарына хабарлай отырып, дереу беріледі.

50. Жеке немесе қызметтік автокөлікпен жүрген, сондай-ақ халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыратын шетелдіктер шетелдіктердің келіп-қайтуы үшін ашық аумақтарда автомобиль жолдарымен еркін жүре алады. Олардың шетелдіктердің келіп-қайтуы үшін жабық аумақтың үстінен өтетін автокөлік жолдары арқылы өтуі ішкі істер органдарының рұқсаты болған кезде ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімімен жүзеге асырылады.

6. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуі

51. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы баратын елге әуе, темір жол, автомобиль және теңіз көлігімен транзиттік өтуі оларда Қазақстан Республикасының транзиттік визалары, сондай-ақ үшінші елге кіру үшін қажетті құжаттардың және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан айлақ, станция, аэровокзал, автовокзалға келген сәтінен бастап санағандағы 72 сағатқа дейін Қазақстан Республикасының аумағында көлік ауыстыру пунктінен кету күні көрсетілген тиісті жол құжаттары (билеттері) бар болса егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, ғана рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру бағыты шетелдіктер келіп-қайтуы үшін уақытша жабық болған жағдайда, мәселе ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілуі қажет.

Шетелдік жүру бағытын өзгерту мәселесімен ІД-ге қазақстандық транзиттік визасы бар паспортын және осындай қажеттілік туғызған себепті, сондай-ақ жоспарланып отырған бағыты мен шығар жолындағы тексеру-өткізу пунктін көрсете отырып, жазбаша арыз ұсынады.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

52. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен өтетін шетелдіктер, оның ішінде автомобильмен халықаралық жүктерді тасымалдайтындар халықаралық автомобиль қатынастары үшін ашық жолдармен ғана жүреді.

53. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы пойызбен өтетін шетелдіктер пойыздардың станцияларда тоқтап тұратын уақыттарында сыртқа шығуларына болады. Оларға станциядан тыс жерге, (перроннан және темір жол вокзалынан) кетуге рұқсат етілмейді.

54. Қазақстан Республикасының аумағынан транзитпен өтіп, осында 72 сағаттан астам уақыт аялдауға мәжбүр болған шетелдіктер тоқтаған сәтінен бастап бір тәулік ішінде Қазақстан Республикасында болуы үшін ішкі істер органдарында рұқсат ресімдеулері қажет. Қазақстан Республикасының аумағында аялдауға мәжбүрлікті:

1) пойыздың, автокөлік құралдарының, кеме немесе ұшақтың қозғалысына кедергі болатын табиғи апаттарда немесе өзге де себептерде;

2) қайсыбір бөлшектері сынған автокөлік құралдарының ақауларын жөндеу немесе жол-көлік оқиғалары болғанда;

3) одан әрі жүру оның денсаулығына қауіп төндіретін науқастығы бар деп дәрігер қорытынды жасаған жағдайда. Мұндай жағдайда науқастың жанында оның отбасы мүшелері немесе онымен бірге келе жатқан алып жүруші адамдар болуы мүмкін;

4) тораптық пункттерде бір көліктен екінші көлікке отырғызу кешіккенде ресімдеуге болады.

Аялдауға мәжбүр болған жағдайлар шетелдіктерге тек қала немесе өзге елді мекен шегінде аялдау мәжбүрлігін туғызған себептерді жою уақытында ғана болуларына құқық береді.

55. Әуе немесе темір жол көліктерінің қызметін пайдаланушы, аялдауға мәжбүр болған шетелдіктерді тіркеуді көліктегі ішкі істер органдары немесе аумақтық ішкі істер органдары жүргізеді.

Шетелдік аялдауына мәжбүрлікті тіркеу үшін ішкі істер органдарына аялдауға рұқсат ресімдеу туралы жеке жазбаша арыз береді.

56. Тіркеу мерзімінің ұзақтығы аялдауға мәжбүр еткен себептерді жою үшін қажетті уақытпен белгіленеді.

Ауруханадағы шетелдіктердің паспорттарын тіркеу олар шыққаннан кейін ресімделеді. Олардың отбасы мүшелерінің немесе оларды алып жүруші адамдардың паспорттарын тіркеу аялдауға мәжбүр болған сәттен бастап бір тәулік ішінде шетелдікті емдеуге қажетті медициналық мекеменің анықтамасында көрсетілген мерзімге ресімделеді.

57. Республика аумағында 72 сағатқа дейін аялдауға мәжбүр болған шетелдіктер ішкі істер органдарында транзиттік визасын ұзартпай-ақ Қазақстан Республикасынан кетулеріне болады.

7. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын беретін құжаттарды беру

58. Ішкі істер органдарынан рұқсат, сондай-ақ тұруға ықтиярхат алған шетелдіктер Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындар болып танылады.

Қазақстан Республикасында уақытша келген шетелдіктер өздерін тұрақты тұруға қалдыру туралы өтініш бере алады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға үміткер адамның Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде өзінің төлем қабілеттілігін дәлелдеуі осындай рұқсат алудың міндетті шарты болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы мәселені шешу кезінде мыналардан:

1) Қазақстан Республикасының егемендік алған уақытына (1991 жылғы 16 желтоқсан) одан тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатымен келген оралмандардан, яғни шетелдіктерден, немесе азаматтығы жоқ ұлты қазақ адамдардан;

2) олар туылған сәтте Қазақстан Республикасы мен Қазақ КСР азаматтығында тұрған-тұрмағанына қарамастан, сол кездегі әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес Қазақстан Республикасының немесе Қазақ КСР-нің аумағында туылған адамдардан;

3) азаматтықтан шыққан немесе өзге де негіздер бойынша оны жоғалтқан жағдайларға қарамастан, бұрын Қазақстан Республикасының немесе Қазақ КСР-інің азаматтығында болған адамдардан;

4) оралмандардың отбасы мүшелерінен және Қазақстан Республикасының немесе Қазақ КСР-інде туылған немесе азаматтығында болғандардан, оларға жататын: бірге келген немесе бөлек келгеніне қарамастан, балалары (оның ішінде асырап алынған), жұбайы (зайыбы), ата-анасы (асырап алушылар), туған апа-сіңлілері, қарындастары, аға-інілері, аталары, әжелері, немерелерінен төлем қабілеттілігін растау талап етілмейді.

Қазақ КСР-нің немесе Қазақстан Республикасы азаматтығының болғанын дәлелдейтін құжаттар: мекен жай бюросының анықтамасы, халықты тіркеу кітабы (шаруашылық кітабы), еңбек кітапшасы (жұмыс істегендігін растайтын өзге де құжат), әскери билет, 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспортының немесе Қазақстан азаматы құжаттарының ксерокөшірмесі, білімі немесе оқығандығы туралы құжаттар, неке қию немесе оны бұзу туралы, балалардың Қазақстан аумағында туғандығы туралы куәліктер және Қазақстан аумағында берілген б а с қ а д а құ ж а т т а р .

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25

мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

59. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық беретін құжаттар: шетелдік үшін - шетелдікке Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамдар үшін - тұрақты тұруға қалдыру жөніндегі мәселе оң шешілгенде ішкі істер органдары беретін азаматтығы жоқ адамдар куәлігі.

60. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы арызды Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктер келген жеріндегі ішкі істер органдарына тікелей береді.

61. Шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы материалдар оларды толық көлемде бергеннен кейін ғана қаралады.

62. Шетелдік тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін келген жеріндегі қалалық, аудандық ішкі істер органдарына, ал Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарында - ПД-ге:

1) арыз-сауалнама (9-қосымша);

2) ол азаматы болған мемлекеттің жазбаша келісімін; оның орнына кету парақшасы не болмаса шетелге тұрғылықты тұру үшін кетуге рұқсатты растайтын басқа құжат жүреді;

3) өмірбаянын;

4) қолданыстағы паспортын немесе азаматтығы жоқ адамның құжатын;

5) шетелдіктің медициналық куәландырылғаны туралы ресми анықтаманы;

6) Қазақстан Республикасына келген кезеңде белгіленген үлгідегі төлеу мүмкіндігін растайтын құжатты;

7) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртекгі;

8) көлемі 35x45 миллиметр 2 фотосурет ұсынады.

Ішкі істер органдары тұрақты тұруға қалдыру туралы өтініш жасаған адамды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының есептері бойынша тексереді.

Ескерту. 62-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

63. Қалалық, аудандық органдарының шетелдіктің келген жері бойынша тексеру нәтижелері бойынша қорытындысы бар тұрақты тұруға қалдыру

жөніндегі іс ПД-нің Көші-қон полициясы басқармаларына жіберіледі, олар ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілген соң дәлелді қорытынды шығарады.

64. 10-қосымшада көрсетілген елдердің азаматтарының Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы ұсынымдары көші-қон полициясының аудандық, қалалық немесе облыстық бөлімшелерінде қаралуы мүмкін.

65. Оң шешілген жағдайда оларға екі данада есепке алу карточкасы толтырылады, біреуі қалалық, аудандық органда сақталады, екіншісі ПД-ге жіберіледі.

66. Аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында тұрақты тұруға қалдыру жөніндегі материалдарды қарау мерзімі осы органдардың әрқайсысында бір айдан, ал екеуін қосқанда - екі айдан аспауы тиіс.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

67. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру жөніндегі материалдар 10 жыл сақталу мерзімімен жеке номенклатуралық істерде жинақталады, олар ресімделген жерлерде сақталады.

68. Ескерту. 68-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

69. Оралманның тұрғылықты орнын ауыстыру мақсатында тіркеуден шығуы ЕХӘҚМ-нің Көші-қон комитеті аумақтық органының келісімі негізінде жүзеге асырылады .

68. Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

70. Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартудың не тұрақты тұруға рұқсатты жоюдың негізі:

1) жалған заңсыз иммигранттарға, сондай-ақ өздері иммигрант болып табылатын елдің заңнамасы бойынша қылмыс жасағаны үшін қудаланушы иммигранттарға;

2) жазасын өтеу орындарынан босатылған, қылмыс жасағанға дейінгі тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тысқары болған адамдарға;

3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған адамдарға;

4) оралмандарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ КСР-нда туған немесе азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін есептемегенде, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде өзінің төлем қабілеттілігін растайтын құжаттар ұсынбаған адамдарға;

5) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және өзге де өкілетті органдарының тиісті қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында індетке себеп болуы мүмкін ауруы бар адамдарға;

6) құзыретті органдардың, ішкі істер және Қазақстан Республикасының ҰҚК органдарының дәлелді шешімінің негізінде Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнаманы бұзған адамдарға бас тартылуы немесе бұрын берілген рұқсаттың күші жойылуы мүмкін;

7) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандыратын адамдарға ;

8) әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған адамдарға;

9) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның бірлігі мен аумағының тұтастығын бұзуға шақырған адамдарға;

10) террористік әрекеті, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылуы не бұрын берілген рұқсат жойылуы мүмкін. Бұл ретте қылмыстың ауырлығы, сотталғандығының болуы немесе болмауы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады;

11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы өтінішхатпен жолданған кезінде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаған адамдарға;

12) Қазақстан Республикасынан бұрын шығарып жіберілген адамдарға;

13) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылуы не бұрын берілген рұқсат жойылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіппен ш а ғ ы м д а л ы н а д ы .

Ескерту. 70-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N

08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

71. Мәселе оң шешілген жағдайда шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық беретін құжаттар беріледі.

"Қазақстан Республикасындағы азаматтық туралы" Заңның 16-бабының әсеріне түсетін шетелдіктер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы ұсынымдармен өтініш білдірген жағдайда қоныстану ықтиярхаты берілмеуі мүмкін.

72. Шетелдіктің Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхатын немесе азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігін шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұрғылықты орны бойынша ішкі істер органдары береді.

73. Қоныстану ықтиярхатының жаңа түрін беру туралы арызды (11-қосымша) шетелдіктер тұрғылықты орны бойынша ішкі істер органдарына қоныстану ықтиярхатының мерзімі бітуінен 60 күн бұрын, ал оны жоғалтқан жағдайда үш тәуліктен кешіктірмей берулері тиіс.

Ауруына байланысты белгіленген мерзімде ауыстыру үшін қоныстану ықтиярхатының ұсына алмайтын адамдар туралы қалалық, аудандық ішкі істер органдарының бастықтары дәлелді анықтамалармен ІД бастықтарына хабарлауға міндетті. Қоныстану ықтиярхаты және өзге материалдар осы адамдар ауруынан жазылғаннан кейін жіберіледі.

74. Қолда бар паспорттарының жарамдылық мерзімі біткен күннен бастап алты ай ішінде жаңа немесе ұзартылған құжаттарды ұсынбаған Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге ішкі істер органдары қорытынды негізінде азаматтығы жоқ адамның куәлігін береді.

Егер иесі ішкі істер органдарына қолданыстағы паспортын ұсынса, азаматтығы жоқ адамның куәлігін шетелдіктің Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхатымен алмастырады.

75. Шетелдіктің Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның куәлігі жеке басты куәландыратын құжаттарды беру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ресімделеді.

76. Қоныстану ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін жоғалтқаны туралы шетелдік, азаматтығы жоқ адам өзі ішкі істер органдарына жаңа құжат беруі туралы арыз арқылы өтініш білдіруге міндетті. Арызда қоныстану ықтиярхатының жоғалу себептері, уақыты және орны көрсетілуі қажет.

77. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер Қазақстан Республикасының азаматтары үшін заңнамамен қарастырылған тәртіппен тұрақты және уақытша тұратын орны бойынша тіркеуге жатады. Тұрғылықты

орны ауысқан кезде шетелдік есепте тұрған жердегі ішкі істер органдарынан оның ісіне сұрау салынады.

Қоныстану ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамдардың куәлігін ауыстырған немесе жоғалған құжаттарының орнына құжаттар алған шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу кезінде мекен-жай парақшаларында алғашқы тіркелген күні қойылады.

8. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу ережелерін бұзғаны үшін шетелдіктерді, қабылдаушы ұйымдардың лауазымды адамдарын және Қазақстан Республикасының басқа да азаматтарын жауапқа тарту

78. Қолданыстағы Ережелерді бұзу заңнамамен қарастырылған жауапкершілікке әкеліп соғады.

79. Ережені бұзған шетелдікке, қабылдаушы ұйымның лауазымды адамына немесе Қазақстан Республикасының азаматына ішкі істер органдарының қызметкері тәртіп бұзушылықтың сипаты мен жағдайларын егжей-тегжейлі жаза отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады.

Шетелдік мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде сөйлей алмаған немесе нашар сөйлеген жағдайларда хаттама толтыру кезінде міндетті түрде аудармашы тартылады.

80. Белгіленген Ережелерді бұзған шетелдіктерге, сондай-ақ олардың одан әрі болуға негіздері болмаған жағдайларда олардың Қазақстан Республикасында болуының белгіленген мерзімі қысқартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешімді олардың саласы бойынша Қазақстан Республикасында жүрген шетелдіктерді қабылдаушы ұйымдардың жазбаша өтінімдері бойынша немесе өз бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің, ПД көші-қон полициясы бөлімшелерінің бастықтары немесе олардың орынбасарлары қабылдайды. Шешім Қазақстан Республикасының Ішкіісмині, ПД көші-қон полициясы бөлімшелері бастықтарының жазбаша нұсқауларымен ресімделеді.

81. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы жазбаша ұсынымдарын қабылдаушы ұйымдардың әкімшіліктері шетелдіктердің жұмыстан босатылғаны немесе оқу орнынан шыққандығы туралы бұйрық шығарылғаннан кейін 48 сағаттан кешіктірмей ПД-ге береді.

82. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешімдер ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің ұсынымдары мен баянаттарының негізінде, сондай-ақ прокуратура органдарының ұйғарымы немесе сот қаулысының негізінде қабылдануы мүмкін.

Тұрақты шетелдік өкілдіктердің желісі бойынша тұрған шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқартуға осы өкілдіктердің, сондай-ақ жанында осы өкілдіктер тіркелген қазақстандық ұйымдардың жазбаша ұсынымдары негіз болуы мүмкін.

83. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту, қазақстандық ұйымдардың ұсынымдарында көрсетілген уақытқа жасалады. Бұл мерзімді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы тексеру-өткізу бекетіне бару, қайту жолына билет алуға қажетті уақытын ескере отырып, Қазақстан Республикасына жеке жұмыстары немесе Қазақстандағы шетелдік тұрақты өкілдіктердің желісі бойынша келген адамдар үшін ішкі істер органдары белгілейді.

84. Қазақстан Республикасынан шығуға арналған визалары бар шетелдіктерге Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқартуды ресімдеу бар визаларын жою жолымен және Қазақстан Республикасынан шығуға қажетті мерзімі көрсетілген жаңа шығу визасын ресімдеумен жасалады.

85. Шетелдіктерге паспорт немесе оны ауыстыратын құжат тапсыру кезінде оларға Қазақстан Республикасында олардың болу мерзімдерінің қысқаруына байланысты белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасынан шығуға міндетті екендігі, ал шықпаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатындықтары хабарланады.

86. Ш е т е л д і к :

1) егер ұлттық қауіпсіздік немесе ішкі істер органдарының қорытындылары негізінде оның әрекеттері мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе қоғамдық тәртіпті сақтау мүдделеріне қайшы келетін болса;

2) егер бұл халықтың денсаулығы мен имандылығын, Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті болса - сот қаулысы негізінде;

3) егер ол Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің құқықтық жағдайы туралы заңнаманы, Қазақстан Республикасының кедендік, валюталық немесе өзге заңнамаларын бұзған болса - сот қаулысы негізінде;

4) заң актілермен белгіленген тәртіп бойынша неке жарамсыз деп табылған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тұру оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалуына негіз болып табылатын болса - сот қаулысы негізінде Қазақстан Республикасынан шығарылуы мүмкін.

87. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіздер бар болғанда шетелдіктерді шығару материалдарын ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары ресімдеуі мүмкін.

88. Барлау жұмыстарымен, тенденциялық, жалақорлық ақпараттарды жинаумен, таратумен айналысатын, валюталық және кедендік заңнамаларды

бұзған, я болмаса мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріне карама-қайшы өзге де әрекеттермен айналысатын шетелдіктерді шығарып жіберу туралы шешімді қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының ҰҚК қабылдайды.

89. Шетелдіктің келген елі туралы расталған құжат болған кезде, шетелдік Қазақстан Республикасының аумағына келген еліне, я болмаса өзі азаматы болып табылатын елге шығарылады.

90. Шығарылатын шетелдіктердің кету мерзімін анықтау кезінде:

- 1) шетелдік шығу және транзиттік визалардың жарамдылық мерзімдері;
- 2) шығарылатын адамның кәсіпорынмен, оқу орнымен және мекемемен есеп айырысу қажеттігі;
- 3) Қазақстан Республикасынан алып кету мүмкін болмайтын мүлікті сату немесе беру үшін уақыт ескерілуі тиіс.

Шығарылатын адаммен бірге Қазақстан Республикасынан кетуге ниет білдірген шығарылатын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасынан өзінің шығуы туралы мәселені олар заңмен белгіленген тәртіпте шеше алатындығы түсіндіріледі. Мұндай мәселелерді қарау шетелдіктерді шығару мерзімдеріне әсер ете алмайды.

91. Қазақстан Республикасынан шығарылатын шетелдіктердің паспорттарына "Шығарылды" немесе "Выдворение" деген жазу жазылады.

92. Шығару туралы оларға қатысты сот шешімі қабылданған шетелдіктер белгіленген мерзімде елден кетулері керек.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығару туралы оларға қатысты қабылданған шешімдерді орындамаған шетелдіктерге қатысты материалдар тиісті процессуалдық шешім қабылдау үшін ішкі істер органдарына беріледі.

93. Шетелдіктерді әкімшілік шығару (айдауыл арқылы мәжбүр ете отырып) сот қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Әкімшілік шығаруға және мемлекеттік шекара арқылы беруге жататын адамдарға мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) Қазақстан Республикасынан шығару туралы сот қаулысы;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат.

Жеке басын куәландыратын құжаты жоқ адамдар үшін - Қазақстан Республикасының Сыртқыісмині арқылы шет мемлекеттердің елшіліктерінен алынған жеке басын куәландыратын анықтама немесе қайтуы туралы куәлік.

Шығару туралы сот қаулысы шет елдік азаматтардың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуы үшін негіз болып табылады.

94. Шығару жөніндегі шығындарды шығарылатын шетелдіктер өздері, я болмаса қабылдаушы ұйымдар немесе жеке тұлғалар, ал жекелеген жағдайларда ішкі істер органдары өтейді.

95. Шет елдік елшіліктер мен консулдықтардың олардың өкілдерін ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде ұсталатын шетелдікмен кездесуін ұйымдастыру жөніндегі өтініштері Қазақстан Республикасының Сыртқы істері арқылы жіберіледі.

96. Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын шетелдіктердің Ережені бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы мәселе Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін қысқарту туралы мәселе дипломатиялық арналар арқылы шешіледі.

Ескерту. 96-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігінің 25 мамырдағы N 216, ҚР Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 08-1-1-1/186, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 145-ө бірлескен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

9. Шетелдіктердің паспорттарын, қоныстану ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін және шығу құжаттарын жоғалтқаны туралы арыздарын қарау

97. Паспортын немесе оны ауыстыратын құжатын жоғалтқаны туралы шетелдік, азаматтығы жоқ адам дереу тұрақты немесе уақытша болатын жердегі қалалық, аудандық ішкі істер органына құжатты қашан, қайда және қандай жағдайларда жоғалтқанын толық көрсете отырып, арыз береді. Жеке басы анықталған шетелдіктің белгіленген тәртіппен тіркелген арызының негізінде қалалық, аудандық ішкі істер органы оған белгіленген үлгідегі анықтама (12-қ о с ы м ш а) б е р е д і .

Берілген анықтаманың негізінде шетелдік өз азаматтығы мемлекетінің өкілдігінде жаңа паспорт немесе оны ауыстыратын құжат алады, онда ішкі істер органы шығу визасын ресімдейді.

Қабылдаушы ұйымдардың шақырулары бойынша келген адамдар ішкі істер органдарына осы ұйымдар арқылы арыз береді.

10. Шетелдіктерді ішкі істер органдарында дербес есепке алу

98. Ішкі істер органдары тіркелген шетелдіктерді дербес есепке алуды жүргізеді.

99. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының, облыстардағы ІІД-нің және қалалық, аудандық ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөлімшелері шетелдіктерді дербес есепке алу есепке алу карточкаларынан (13-қосымша) құрылатын әліпбилік-анықтамалық және арнайы картотекалар бойынша жүзеге асырады, сондай-ақ қосымша электрондық тасығыштардағы деректер базасы құрылады.

100. Шетелдіктерді Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында есепке алу әліпбилік-анықтамалық картотека бойынша тұрғылықты тұратын және бұрын тұрған шетелдіктерге жүргізіледі.

101. Шетелдіктерді ІІД-де есепке алу:

1) ішкі істер органдарында шетелдіктердің паспорттарын тіркеуді есепке алу журналы;

2) облыс, қала аумағында тұрақты тұратын немесе тұрған шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, босқындар мен оралмандарға, сондай-ақ шетелден немесе республиканың басқа жерлерінен алты айдан астам мерзімге жеке, қызметтік, оқуға, өндірістік практикадан өту, біліктілігін арттыру, үкіметаралық келісімдерге сәйкес жұмыс істеу үшін келген шетелдіктерге - әліпбилік-анықтамалық картотекалар бойынша-егер олардың паспорттары ішкі істер органдарында тіркелген болса;

3) әкімшілік жауапкершілікке тартылған шетелдіктерге - арнайы картотека бойынша жүргізіледі.

Қосымша электрондық тасығыштарда деректер базасы құрылады.

102. Қалалық, аудандық ішкі істер органдары (полиция бөлімшелері) көші-қон полициясының бөлімшелерінде қызмет көрсететін аумақта тұрғылықты тұратын және уақытша болатын шетелдіктерді журналдық және картотекалық есепке алу жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын, сондай-ақ алты айдан астам мерзімге келген адамдар картотека бойынша есепке алынады. Алты айға дейінгі мерзімге уақытша келген адамдар тіркеу журналы бойынша есепке алынады. Қосымша электрондық тасығыштарда деректер базасы құрылады.

103. Полицияның учаскелік инспекторлары қызмет көрсететін аумақтарында тұрақты тұратын және алты айдан астам мерзімге келген шетелдіктерді тізім бойынша есепке алады.

104. ІІД-ге ай сайын:

1) қалалық, аудандық ішкі істер органында уақытша тіркелген шетелдіктердің саны туралы;

2) тұрақты тұратын шетелдіктердің саны туралы;

3) қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған шетелдіктердің саны туралы мәліметтер ұсынылады.

105. Әліпбилік-анықтамалық картотекаларда есепке алу карточкалары қатан түрде әліпбиі бойынша орналастырылады. Тегі бірдей адамдарға аттарының әліпбиі бойынша орналастырылады, тегі мен аты бірдей адамдарға қосымша әкелерінің аттарының әліпбиі бойынша, тегі, аты, әкесінің аты бірдей адамдарға - туған күндері бойынша (үлкеннен кішіге), ал егер туған күндері де сәйкес келсе, әліпби тәртібі қосымша азаматтығы, туған жері - туған елі бойынша орналастырылады.

Бірнеше тегі бар адамдарға, оның ішінде тегін өзгерткен адамдарға есепке алу карточкалары әрбір тегіне құрастырылады.

Әрбір карточкада барлық бағандар толтырылып және барлық тегі, ал тегін өзгерткендерге - ескі және жаңа тегі көрсетілуі тиіс.

Мысалы, тегі Шульц, әрі Шмидт, әрі Гейман деген тегі бар адамға үш карточка толтырылуы керек:

біріншісі - Шульц, әрі Шмидт, әрі Гейман;
екіншісі - Шмидт, әрі Шульц, әрі Гейман;
үшіншісі - Гейман, әрі Шульц, әрі Шмидт.

Шетелдіктің тегі, аты, әкесінің аты есепке алу карточкасына өздерінің ұлттық паспорттарында қалай жазылса, солай және сол әліпбиімен жазылады. Бұл ретте жазу тәртібі сақталады: 1 - тегі, 2 - аты, 3 - әкесінің аты (әкесінің аты, екінші аты)

Шетелдіктердің есепке алу карточкаларына суреттері жапсырылады.

106. Қазақстан Республикасының Ішкіісминінде есепке алынатын адамдарға ПД-де екі данада есепке алу карточкалары толтырады, оның біреуі ресімделген сәттен бастап 72 сағат ішінде Қазақстан Республикасының Ішкіісминіне жолданады, екіншісі - ПД-нің картотекасына енгізіледі.

Қосымша мәліметтер келіп түскен кезде немесе есепте көрсетілуге жататын деректер өзгерген кезде ПД-нің әліпбилік және арнайы картотекалар карточкаларына тиісті жазбалар енгізіледі. Бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ішкіісминінде есепке алынатын адамдарға шетелдіктерді есепке алуға өзгерістер туралы хабарламалар (14-қосымша) жолданады.

107. Хабарламаларды Қазақстан Республикасының Ішкіісминіне жолдау есепке алу карточкаларын жолдау тәртібімен жүзеге асырылады.

Хабарламалар:

1) Қазақстан Республикасының шегінде тұрақты тұратын жерін өзгерткен кезде (Қазақстан Республикасының Ішкіісминіне хабарламалар шетелдіктер аумағына келген ПД-ден жолданады);

2) шетелдіктерді шет мемлекетке беру кезінде, қылмыстық жауапкершілікке тарту және соттау кезінде;

3) шетелдік тегін, атын, әкесінің атын және туған жылын өзгерткен кезде;

- 4) шетелдіктерге іздестіру жариялағанда, іздестіру нәтижелері туралы;
- 5) есептен шығарған кезде жолданады.

108. Тұрғылықты тұратын шетелдіктерді ішкі істер органдарының есебінен шығару олардың ішкі істер органының аумағынан кеткенін растайтын құжаттың негізінде жүзеге асырылады. Мұндай құжаттар:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің шетелдіктерді Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы Жарлығы, шетелдіктерді Қазақстан Республикасының азаматы ретінде тану туралы ішкі істер органдарының қорытындысы;
- 2) шетелдіктердің өлгені туралы куәлігі;
- 3) шетелдіктерді басқа ішкі істер органдарында есепке алу туралы хабарлама;
- 4) шетелдіктің Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кету туралы арызы;
- 5) шетелдікті хабарсыз жоқ деп тану туралы сот шешімі;
- 6) шетелдіктің қайтып келу мерзімінен кейін алты ай ішінде қайтып келмегені туралы полицияның учаскелік инспекторының баянаты.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің есепке алу карточкаларында есептен шығару кезінде есептен шығару себептері жазылуы тиіс, ал жазу үшін негіз болатын құжаттар жеке істерге тігіледі.

109. Қазақстан Республикасынан уақытша кеткен және алты ай өткенше қайтып келмеген шетелдіктерді тұрғылықты тұратын шетелдіктер есебінен шығарылады. Қазақстан Республикасына қайтып келгенде шетелдік Қазақстан Республикасында тұрақты тұрушы ретінде есепке алынуы мүмкін.

110. Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын шетелдіктерге олар есепте тұрған ПД-нің көші-қон полициясы бөлімшелерінде жеке немесе топтық істер ашылады, оған осы адамдарға қатысты барлық материалдар тігіледі.

111. Шетелдіктердің жеке және топтық істері жеке істерді тіркеу кітабында (15-қосымша) тіркелуі керек. Кітап бойынша реттік сан бір мезгілде істің мұқабасында және есепке алу карточкаларында қойылатын істің реттік саны болып табылады.

112. Шетелдіктердің істері олардың сақтығын қамтамасыз ететін үй-жайларда с а қ т а л а д ы .

Істерді басқа органдарға жіберу туралы жеке істерді есепке алу кітабына және есепке алу карточкаларына тиісті белгі қойылады.

113. Қазақстан Республикасына уақытша тұру үшін келген шетелдіктерге жеке істер ашылмайды. Мұндай адамдарға қатысты барлық хат алмасулар азаматтардың белгілі санаттарына ашылған номенклатуралық істерге тігіледі. Номенклатуралық істер мынадай белгілер бойынша:

- 1) шетелдіктерді қабылдаушы ұйымдарға;
- 2) осындай шетелдіктер келетін елдер бойынша;
- 3) Қазақстан Республикасына келу мақсаттары бойынша;
- 4) шетелдіктер келетін әкімшілік аудандар бойынша ашылуы мүмкін.

114. Шетелдіктердің мұрағаттық жеке істері:

- 1) шетелге тұрақты тұруға кеткендерге және қайтыс болғандарға - 10 жыл;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан немесе одан шыққандарға - ұдайы;
- 3) Қазақстан Республикасынан шығарылғандарға - 10 жыл;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданғандарға - ұдайы;
- 5) ішкі істер органдары азаматтығын тексерген адамдарға - ұдайы;
- 6) уақытша болатын шетелдіктерді тіркеу туралы материалдары бар номенклатуралық істер - 3 жыл;
- 7) шетелдіктердің Қазақстан Республикасына заңсыз көші-қонын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі номенклатуралық істер - 5 жыл сақталады.

115. Қазақстан Республикасында тұрақты тұрған және тұратын шетелдіктерді есепке алу карточкалары ұдайы сақталады.

Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерді есепке алу карточкалары тіркеу мерзімі аяқталған сәттен бастап 3 жыл бойы сақталады.

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болған кезде қайтыс болған шетелдіктерді есепке алу карточкалары ұдайы сақталады.

Қазақстан Республикасынан шығарылған шетелдіктерді есепке алу карточкалары 10 жыл сақталады.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдарды есепке алу карточкалары шетелдік әкімшілік жауапкершілікке тартылған сәттен бастап бір жыл сақталады.

116. Шетелдіктердің жеке істерін жою ІД бастығы немесе оның орынбасарлары бекіткен арнайы бөлінген комиссия жасаған актілер бойынша жүргізіледі.

Жеке істерді жою туралы актілер ұдайы сақталады. Есепке алу карточкаларында және жеке істерді есепке алу кітаптарында істердің қашан жойылғаны және жою туралы актілердің қайда сақталатыны көрсетілуі тиіс.

Сақталу мерзімі аяқталған есепке алу карточкалары картотекадан алынып тасталады және акт жасаусыз жойылады.

117. Тарихи құндылығы бар істер олар ашылған адамдардың болу жері туралы анықтаманы қоса бере отырып, тиісті мемлекеттік мұрағаттарға сақтау үшін беруге жатады.

118. Арыз-сауалнамалардың, карточкаларының және осы Нұсқаулықта қарастырылған басқа құжаттардың бланкілері, қатаң есептегі бланкілерді қоспағанда, ПД-де дайындалады.

11. Ішкі істер органдарының шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу-кету және болу ережелерін сақтауларын бақылауының негізгі бағыттары, заңсыз көші-қон фактілерін анықтау және жолын кесу

119. Ережелердің талаптарын шетелдіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының және азаматтарының сақтауларын бақылауды ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, ішкі істер органдары жүзеге асырады.

120. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызмет көрсететін аумағындағы шетелдіктердің олардың құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасынан туындайтын міндеттерді орындауларын және:

1) ұлттық паспортының, визасының және ішкі істер органдарында немесе Қазақстан Республикасының Сыртқыісминінде және оның мекемелерінде тіркелуінің, ал Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерде және азаматтық жоқ адамдарда - қолданыстағы қоныстану ықтиярхаттарының, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғын;

2) шетелдіктердің жүріп-тұру тәртібін сақтауын;

3) шетелдіктердің шетелге уақытылы кетуін немесе Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзартуын;

4) шетелдіктердің еркін келіп-қайтуы үшін жабық жерлерде болуына рұқсаттың бар-жоғы бөлігінде бақылауды жүзеге асырады.

121. Өз құзыреті шегінде бақылауды:

1) көші-қон полициясы бөлімшелері;

2) жедел-тергеу бөлімшелері;

3) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері;

4) жол полициясы бөлімшелері;

5) көліктегі полиция;

6) ішкі істер органдарының кезекші бөлімшелері жүзеге асырады.

1 2 2 . Б а қ ы л а у :

1) шетелдіктердің тұрғылықты немесе уақытша болатын жері бойынша;

2) шетелдіктердің жұмыс немесе оқу орны бойынша;

3) әуе, темір жол және көліктің басқа түрлерінде;

4) көшелер мен қоғамдық жерлерде жүзеге асырылады.

1 2 3 . Б а қ ы л а у :

1) азаматтардың тұрғын үй-жайларын қарап шығу;

2) жатақханаларды, қонақ үйлерді және шетелдіктердің болуы ықтимал жерлерді тексеру;

3) пойыздарға еріп жүру;

4) жол полициясының бекеттерінде, "Рубеж" стационарлық бақылау бекеттерінде және шекарадан өту бекеттерінде автокөлік құралдарын тексеру;

5) жедел-профилактикалық және арнайы іс-шаралар жүргізу;

6) патрульдеу;

7) қолданыстағы заңнамамен көзделген басқа нысандар мен әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

124. Белгіленген Ережелерді сақтауды бақылау, заңсыз көші-қонның алдын алу және оның жолын кесу жөніндегі міндеттерді орындау кезінде ішкі істер органдары өз жұмысын мынадай негізгі бағыттар бойынша ұйымдастырады:

1) шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарын және оны бұзғаны үшін жауапкершілікті түсіндіру;

2) қабылдаушы ұйымдарға шетелдіктерді есепке алу, Қазақстан Республикасында болу жағдайларын бақылау мәселелерінде әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

3) шетелдіктер тарапынан құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы заңды және жеке тұлғаларға нұсқама беру, ұсынымдар мен ұсыныстар енгізу;

4) әртүрлі құқық бұзушылықтар жасаған шетелдіктер туралы өзара ақпаратпен қамтамасыз ету, оның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарымен;

5) шетелдіктерді қабылдайтын және оларға қызмет көрсететін кәсіпорындарды, ұйымдарды және оқу орындарын тексеру;

6) Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келген адамдарды анықтау, сондай-ақ заңсыз мигранттардың жүріп-тұру арналарын анықтау;

7) шетелдіктердің заңсыз көші-қонын ұйымдастырушыларға қатысты бақылау істерін жүргізу.

125. Шетелдіктерді қабылдау көші-қон полициясы бөлімшелерінің арнайы бөлінген және тиісінше жабдықталған үй-жайларында жүзеге асырылады.

12. Ішкі істер органдары бөлімшелерінің бақылауды жүзеге асыру жөніндегі негізгі міндеттері

126. Көші-қон полициясы бөлімшелерінің қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасына шетелден қонақтар шақырған кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың лауазымды адамдарына, темір жол, теңіз, өзен, авиация және автокөлік кассаларының қызметшілеріне, автошаруашылықтардың

жүргізушілер құрамына, сондай-ақ қонақ үйлердің, кемпингтердің, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, туристік базалардың әкімшіліктеріне, сондай-ақ қазақстандық азаматтарға шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы қолданыстағы заңнаманы түсіндіреді;

2) ауданның, қаланың аумағында тұратын, сондай-ақ белгіленген Ережені бұзған шетелдіктерді есепке алады;

3) Қазақстан Республикасына келген шетелдіктердің паспорттарын тіркеуді ресімдейді;

4) шетелдіктерді қабылдайтын және қызмет көрсететін, лауазымды адамдардың шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы заңнама талаптарын орындауын тексеруді жүзеге асырады;

5) шетелдіктердің жүріп-тұруын бақылау мәселесі бойынша қабылдаушы ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жатақханаларды, студенттер қалашықтарын, қонақ үйлерді, кемпингтерді, санаторийлерді, демалыс үйлерін, туристік базаларды тексеруді ұйымдастырады;

6) ішкі істер органдарында тіркелген тұрақты тұратын және уақытша болатын шетелдіктерді тексеруді жүргізеді;

7) жедел ақпарат алған кезде заңсыз мигранттар, сондай-ақ белгіленген Ережені бұзушы шетелдіктер болуы мүмкін мекен-жайларды тексереді;

8) Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзатын шетелдіктерді және заңсыз көші-қон фактілерін анықтау мақсатында патрульдеуді жүзеге асырады, көші-қон бақылау бекеттерінде қызмет өткереді;

9) шетелдіктердің белгіленген Ережені сақтауларын бақылауды ұйымдастыру үшін қалалық, аудандық ішкі істер органдарының басшылығы арқылы қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелеріне қызмет көрсететін аумақта тіркелген шетелдіктердің тізімдерін 48 сағат ішінде ұсынады;

10) әкімшілік практиканы жүзеге асырады, шетелдіктерді шығару туралы шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде криминалдық полиция қызметімен өзара іс-қимыл жасаса отырып, ішкі істер органдарынан жасырынған, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін халықаралық іздестіру жарияланған шетелдіктерді іздестіруге және ұстауға қатысады;

12) шетелдіктердің болуын бақылау және заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты жүзеге асырады ;

13) шетелдіктердің болуын бақылауды жүзеге асыру және шетелдіктердің заңсыз көші-қонын жолын кесу жөніндегі жұмыстың нәтижелерін қорытындылайды және талдайды. Белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы

Ішкі істер полициясы департаментіне белгіленген нысан бойынша жұмыс нәтижелері туралы есеп береді. Атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелеріне хабарлау үшін материалдар дайындайды;

14) өз құзыреті шегінде заңсыз көші-қон арналарын анықтау, шетелдіктердің Қазақстан Республикасы аумағы арқылы заңсыз өтуін ұйымдастыратын және оған ықпал ететін адамдарды анықтау жөнінде шаралар қабылдайды;

15) ішкі істер органдарының басқа қызметтері қызметкерлерінің осы Нұсқаулықтың талаптарын орындауларын бақылауды жүзеге асырады.

127. Қабылдау-тарату орындарының қызметкерлері:

1) жеке басын, азаматтығын анықтау және құжаттандыру мен оларды сосын тиісті (көші-қон, медициналық, әлеуметтік және өзге де) органдар мен мекемелерге беру мақсатында белгілі бір тұрғылықты жері, құжаттары жоқ адамдарды ұстайды және қабылдау-тарату орындарында ұстайды;

2) құжаттары және тұрғылықты жері жоқ адамдарды анықтау бойынша іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады. Белгіленген Ережелерді бұзған шетелдіктерді және заңсыз мигранттарды анықтайды және оларды белгіленген тәртіпте қабылдау-тарату орындарына орналастырады;

3) жеке басын анықтайтын құжаттары жоқ немесе жалған құжаттары бар ұсталған адамдардың жеке басы мен азаматтығын анықтау жөнінде шаралар қабылдайды;

4) көші-қон полициясының заңсыз көші-қонның жолын кесу және заңсыз көші-қон арналарын анықтау жөніндегі қызметін жедел қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасында заңсыз жүріп-тұратын шетелдіктердің, оның ішінде террористік және экстремистік ұйымдар мүшелерінің болуы мүмкін орындары, заңсыз мигранттарды өткізу әдістері мен құралдары туралы, сондай-ақ осы қызметке қатысты адамдар туралы мәліметтер алу үшін шетелдіктермен, сондай-ақ қабылдау-тарату орнында ұсталатын басқа да адамдармен жедел әдістерді қолдана отырып жұмыс жүргізеді.

128. Жедел қызмет, тергеу және анықтау бөлімшелерінің қызметкерлері:

1) жедел-іздестіру іс-шараларын, тергеу амалдарын, басқа да қызметтік міндеттерін атқару кезінде шетелдіктермен байланыста:

паспортының бар-жоғын және оның қолданыс мерзімін;

визаның, шақыру туралы куәліктің (жеделхаттың) немесе Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхатының қолданыс мерзімін;

шетелдіктер болуы үшін жабық жерлерде болуға ішкі істер органдарының рұқсат ету жазбасының тіркелуінің бар-жоғын тексереді;

2) қалалық, аудандық ішкі істер органдарының немесе ПД-нің көші-қон полициясы бөлімшелеріне белгіленген Ережелерді бұзудың барлық анықталған

жағдайлары және тәртіп бұзушыларды есепке алу үшін қабылданған әсер ету шаралары туралы хабарлайды;

3) Қазақстан Республикасында заңсыз жүріп-тұратын шетелдіктердің, оның ішінде террористік және экстремистік ұйымдар мүшелерінің болуы мүмкін орындары, заңсыз мигранттарды өткізу әдістері мен құралдары туралы, сондай-ақ осы қызметке қатысты адамдар туралы мәліметтер алу үшін шетелдіктермен, сондай-ақ қабылдау-тарату орнында ұсталатын басқа да адамдармен жедел әдістерді қолдана отырып жұмыс жүргізеді;

4) жедел-қызметтік жұмыс нәтижесінде Қазақстан Республикасында заңсыз жүріп-тұратын шетелдіктер туралы, сондай-ақ шетелдіктердің Қазақстан Республикасы аумағы арқылы заңсыз өтуіне ықпал ететін адамдар туралы мәліметтер алған жағдайда ол туралы көші-қон полициясы бөлімшелеріне және басқа да мүдделі ішкі істер органдарына жазбаша хабарлайды;

5) шетелдік қылмыс жасаған немесе оған қатысты қылмыс жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылданады. Егер қылмысты артықшылықтары мен иммунитеттері бар шетелдік жасаса, оның жеке басын куәландыратын құжаттан оны анықтау деректері жазылып алынады (хаттама толтырылады), бұл ретте шетелдік ұсталмайды;

6) шетелдіктің жоғалуы туралы арыздар мен хабарламалар алған кезде оларды уақытылы қарау мен шешім қабылдауға дереу шаралар қабылданады. Ерекше бақылау тәртібінде әрі қарай Қазақстан Республикасының Ішкіісминіне хабарлау арқылы ішкі істер органдарының басшылығына жоғалған шетелдіктерді іздестіру жөніндегі материалдарды баяндайды;

7) қоғамдық тәртіпті, шетелдіктердің жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шетелдіктерді қабылдайтын және қызмет көрсететін кәсіпорындардың және ұйымдардың шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайын реттейтін заңнамалық нормалардың талаптарын және белгіленген Ережелерді орындауы жөнінде іс-шаралар өткізіледі, бұл ретте шетелдіктерге қатысты және олардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне баса назар аударылады;

8) шетелдіктерді ұстау немесе тұтқынға алу кезінде жедел қызметтер, тергеу және анықтау бөлімшелерінің қызметкерлері 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 15/7/19203/1295/31 "Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктеріне сол мемлекеттің азаматтарын ұстау мен тұтқынға алу туралы хабарлау тәртібі, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктер өкілдерінің ұсталған, тұтқынға алынған және бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктермен жолығу тәртібі туралы" нұсқаулықтың талаптарын басшылыққа алу керек;

9) шетелдіктерге қатысты жасалған қылмыстар туралы; қылмыстық жауапкершілікке тартылған шетелдіктер туралы; шетелдіктің қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтын кедендік, валюталық немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын бұзғаны туралы көші-қон полициясының бөлімшелеріне хабарлайды.

129. Полицияның учаскелік инспекторлары:

1) қызмет көрсететін аумақта тұрақты тұратын шетелдіктерді есепке алады, олардың нақты тұруын тексереді. Тексеру нәтижелері туралы тексерген күні, тексерілуші шетелдіктің тегі, аты, әкесінің аты және оның тұратын мекен-жайы, оның қоныстану ықтиярхатының нөмірі мен күшінде болу мерзімі көрсетілген баянат арқылы қалалық, аудандық ішкі істер органының басшылығына баяндайды. Тұрғылықты тұратын шетелдіктердің саны көптеу болса, тексеру нәтижелерін бақылау карточкаларында көрсетуге жол беріледі;

2) құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды анықтау мақсатында учаскесінде орналасқан шетелдіктер жұмыс істейтін кәсіпорындардың және ұйымдардың әкімшіліктерімен және кадрлар бөлімдерімен байланыста болады;

3) қонақ үйлер, кемпингтер, демалыс үйлері, санаторийлер, жатақханалар және басқа да жерлердегі лауазымды адамдардың шетелдіктерді тіркеу тәртібін сақтауларын тексеруді жүзеге асырады. Жүргізілетін іс-шаралардың нәтижелерін, анықталған тәртіп бұзушылықтар туралы ішкі істер органының бастығына баянатпен баяндайды;

4) белгіленген Ережелердің бұзылуы анықталған кезде әкімшілік хаттамалар толтырады және қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына баяндайды;

5) көші-қон полициясының бөлімшелеріне шетелдіктердің жүріп-тұруларының белгіленген тәртіптерді сақтауларын бақылау және заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмыстың ахуалы туралы ай сайын хабарлайды. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған шет елдік азаматтардың тізімдерін жібереді;

6) ішкі істер органдарынан жасырынып жүрген шетелдіктерді іздестіруге қатысады.

130. Жол полициясының қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 ақпанда N 690 болып тіркелген "Қазақстан Республикасындағы көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрығының талаптарына сәйкес шетелдіктердің көлік құралдарын тіркейді, қайта тіркейді;

2) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген азаматтарға ұлттық жүргізуші куәліктерін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын

жүргізуші куәліктеріне белгіленген тәртіппен ауыстыруды жүргізеді.

Айыппұл төлеу, жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі - ЖКО) салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттерін орындамаған шетелдіктердің Қазақстан Республикасынан кетуін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдау үшін тиісті органдарға ақпарат жолдайды;

3) жүк тасу құқығына рұқсатты, халықаралық жүкті автотасымалдау жүргізушілерінен жүкке көліктік жөнелтпе құжатты тексереді;

4) "Рубеж" жүйесінің бекеттерінде көші-қон полициясының қызметкерлерімен бірлесіп, ал олар жоқ жерде - дербес, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында жүріп-тұру құжаттарын тексереді, дипломатиялық иммунитеті бар адамдарды қоспағанда, Жол қозғалыс ережелерін (бұдан әрі - ЖҚЕ) бұзған шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдайды;

5) шетелдіктердің белгіленген Ережені бұзуының анықталған фактілері туралы көші-қон полициясының бөлімшелеріне хабарлайды. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған шетелдіктердің тізімдерін жолдайды;

6) заңсыз көші-қон фактілері анықталған кезде шетелдіктерді, сондай-ақ оларға тасымалдау бойынша қызмет көрсететін адамдарды ұстайды және одан әрі қарай талқылау үшін көші-қон полициясының бөлімшелеріне немесе жедел қызметтерге береді.

131. Дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер қызметкерлерінің көлік құралдарын ЖҚЕ бұзғаны үшін тоқтатқан кезде жол полициясының инспекторы тиісті сыпайылық, ұстамдылық сақтауға міндетті және ведомстволық нормативтік құқықтық актілерде көзделген қарым-қатынастар е р е ж е л е р і н с а қ т а у ы т и і с .

Шетелдіктер мен дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер қызметкерлерімен жол полициясының инспекторлары тек өз қызметтік міндеттері шегінде ғана байланысқа түседі (ЖҚЕ бұзу жағдайларының жолын кесу, қозғалу жағдайларын, қону жерлерін, жанар май құю, автомобильге техникалық қызмет көрсету жағдайларын түсіндіру).

Мемлекеттік нөмірлік белгілері "СМД" және "D" сериядағы автомобильдің жүргізушісі ЖҚЕ бұзған кезде (16-қосымша) жол полициясы қызметкерлері көлік құралын тоқтатпайды. Бұл жағдайда автомобильдің маркасын, мемлекеттік нөмірлік белгісін, заң бұзушылық болған жерді, уақытты және сипатын көрсете о т ы р ы п б а я н а т ж а з а д ы .

Бұл факт бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқыісминіне х а б а р л а н а д ы .

Шетелдіктер, шетел мемлекеттерінің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің, Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық

ұйымдардың қызметкерлері жүргізген көлік құралдарын ЖҚЕ елеулі бұзғаны (көлікті мас күйінде жүргізу, апаттық жағдай туғызу, қозғалыстың белгіленген жылдамдығын асыру, темір жол торабынан өту ережелерін бұзу, сондай-ақ ЖКО әкеліп соқтырған ЖҚЕ бұзу) үшін тоқтатқан кезде, жол полициясы қызметкерлері оларда:

1) белгіленген Ережелерге сәйкес тіркелген паспорттарының, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің қызметкерлері үшін - дипломатиялық немесе қызметтік паспорттарының не Қазақстан Республикасының Сыртқыісмині беретін дипломатиялық немесе қызметтік карточкалардың;

2) автомобиль жүргізу құқығын беретін құжаттардың - 1968 жылғы Жол қозғалысы конвенциясының талаптарына сәйкес келетін халықаралық жүргізуші куәлігінің, сондай-ақ олардың нотариус растаған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасының;

3) көлік құралын тіркеу туралы куәлігінің, не болмаса автомобильді шығу елінде тіркеу туралы халықаралық куәліктің бар-жоғын тексереді.

Көлік құралын ЖҚЕ елеулі бұзғаны үшін тоқтатқан кезде және жүргізуші дипломатиялық паспортын, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық немесе қызметтік карточкасын немесе БҰҰ-ның және оның мамандандырылған мекемелерінің паспорттарын көрсетсе, жүргізуші куәлігі алынбайды, ал көлік құралы дереу жіберіледі. Бұл жағдайда автомобильдің маркасын, мемлекеттік нөмірлік белгісін, заң бұзушылық болған жерді, уақытты және сипатын көрсете отырып баянат жазылады. Бұл факт бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқыісминіне хабарланады.

ЖҚЕ-ның елеулі бұзылуына жол берген дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктің қызметкері жол полициясы қызметкерінің көлік құралын тоқтату туралы талабын орындамаса, жол полициясының қызметкері тәртіп бұзушылықтың жері мен уақыты туралы, автомашинаның мемлекеттік нөмірлік белгісі, маркасы, түсі және заң бұзушылықтың мәні туралы жол полициясы саптық бөлімшесінің командиріне баянат арқылы және әрі қарай белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Сыртқыісминіне баяндауға міндетті.

Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктің қызметкері ЖКО жасаған кезде ішкі істер органының қызметкері зардап шегушілерге көмек көрсетуге, оқиғаға қатысқан көлік құралдары мен азаматтарды ұстауға, куәгерлерді анықтауға, ахуалды, іздерді және заттай дәлелдерді сақтауға шаралар қабылдайды. Болған оқиға туралы жол полициясы саптық бөлімшесінің немесе жақындағы ішкі істер органының кезекші бөліміне хабарлайды.

Мүмкіндік болса оқиға болған жерге дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктің немесе Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің өкілі шақырылуы к е р е к .

Дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің қызметкерлері жүргізген автомобильдер олардың жүргізушілері оқиғаға кінәлі болса да олардың келісімінсіз тоқтатылмайды. Егер жүргізуші немесе жолаушылардың біреуі ЖКО бойынша материалдарды толтыруға қатысқысы келмесе, ішкі істер органының қызметкері оқиғаға қатысушы туралы қажетті мәліметтерді жазып алады және кетуге рұқсат етеді. Хаттамада жүргізуші мен куәгерлердің болмау себебі туралы ж а з б а ж а с а л а д ы .

Дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдік қызметкерінің кінәсінен жасалған ЖКО туралы хаттама ІІД Жол полициясы басқармасының басшылығына беріледі, ал оның көшірмесі тиісті тергеуден кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істеріне жолданады.

132. Көліктегі ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) теміржол, әуе және су көлігімен келе жатқан шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және жүріп-тұру ережелерін сақтауларын бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен келе жатқан шетелдік азаматтардың пойыз, кеме тоқтаған кезде станциядан (порттан, айлақтан) тыс жерге өз бетімен шығуының және авиажолаушы - шетелдіктердің әуежайда бөлінген жерден шығуының жолын кеседі;

3) шетелдік пойыздан немесе ұшақтан қалып қойған барлық жағдайлар туралы, сондай-ақ пойызда, кемеді, станциялар мен аэровокзалдарда шетелдіктер жасаған және оларға қарсы жасалған құқық бұзушылықтар туралы желілік ішкі істер органының кезекшісіне баяндайды. Мұндай ақпарат алған кезде кезекші оқиға туралы бөлім бастығына баяндайды және ұлттық қауіпсіздік органдары мен мүдделі ведомстволарға хабарлайды;

4) құқық бұзушылық жасаған немесе жабық жерде болған шетелдікті тапқан к е з д е :

паспортын, визасын, шақыру туралы куәлігін (жеделхатын), тіркелуін немесе Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхатын тексереді;

шетелдіктің Қазақстан Республикасында және осы пунктте болуының заңдылығын, тіркелуінің, визасының, таңдаған бағыт бойынша жүруге ішкі істер органының рұқсатының бар-жоғын анықтайды;

заң бұзушыларды желілік ішкі істер органына жеткізеді;

